

ШАМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ КИІМ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДІК СӘН ҮЛГІСІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАРЫ

Гузал Масадикова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)

Аңдатпа. Шамандық мәдениетіне тән шаман киімдері әлемнің әр жерінде түрлі өзгешеліктерімен кездеседі. Әртүрлі себептермен жойылып кеткен көптеген әдет – ғұрыптармен бірге шамандық киімдер де уақыт өте өзгеруде. Сол себепті де көне заманның куәсі болып, бүгінгі күнге дейін жеткен бақсы киімдерін талдап, түсіндірудің маңызы зор. Киімдеріндегі маңыздылық; матадан және де әртүрлі бұйымдардан жасалған шашақтары, бақсы көйлегі, металл заттары, қуыршақтары, аң терісі, құс қауырсындары, теңіз ракушкалары, моншақтар мен әртүрлі символдары болып табылады. Бұл киімдердің алуан түрлілігі орындалатын ырымға және бақсы жататын мәдениетке байланысты өзгереді. Бұл зерттеуде шамандық мәдениет тарихындағы киімдердің кию дәстүрінің шығу тегі, символдық мағынасы, қолданыс үлгілері мен тарихи сабақтастығы талқыланды. Зерттеу барысында әдебиеттерге шолумен бірге қажетті дереккөздер қарастырылды. Бұл зерттеу жұмысында, шаман және шамандық мәдениетке шолу жасай отырып, шамандардың наным – сенімі бойынша өз әсерін жоғалтпаған бақсы киіміндегі өрнектері мен белгілерін заманауи тұрғыда сән әлемінде қолданылуын зерттеу мақсат етілді. Сонымен қатар, шамандық мәдениеттің тарихи салаларда пайда болуын зерттеп, қоғамдағы шамандыққа қатысты мәдени байланыстарды қарастыру және олардың сән дизайнына әсерін ашу болып табылады. Зерттелген костюмдердегі өрнектер, пайдаланылған материалдар мен белгілер бүгінгі сән әлемінде қолданыста болғандығы айқындалды. Шаман мәдениетінің киімінде қолданылған символдарды заманауи тұрғыда өз топтамаларында әлемге паш еткен трендтер жинақталды. Әлемге әйгілі брендтердің топтамаларында Богемиялық қозғалыс пен шаман мәдениетінің үйлесімі арқылы бүгінгі жылдам сәнге сәйкес үлгі мен киім топтамалары ұсынылды. Дизайнерлер туындыларымен бақсы мәдениетін қайта жандандырып, сән саласында жарыққа шығарғаны негізделді.

Түйін сөздер: Шаман, символ, сән, киім, дизайн, модернизация.

Дәйексөз үшін: Масадикова Гузал. «Шамандық мәдениеттегі киім үлгілерінің заманауи әлемдік сән үлгісіндегі трансформациялары». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, 188–206 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i1.954

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып мақұлдады және мүдделер тарапынан қайшылығы жоқ екенін мәлімдейді.

Кіріспе

Киім белгілі бір кезеңнің өнері мен өмір салтын, экономикалық және саяси ахуалын бейнелейтін, сондай-ақ өткен мен бүгін арасын байланыстыратын мәдени құрал. Киім мәдениеті түрлі қоғамдардың өмір салты мен құндылықтарын, сонымен қатар адамзатқа ортақ әмбебап ортақ ойларын көрсетеді. Мәдениет қоғамның сенімі мен сипатын, дүниетанымын ашатын айна іспеттес. Тарих бойы сенім жүйесінің бір формасы ретінде қалыптасқан шаманизм бүгінде әлемнің көптеген елдерінде сақталып отыр. Шаманизмнің алғашқы формалары Азия мен Сібір өңірлерінде кездеседі. Осыған байланысты бұл аймақтарда бақсылық сенім жүйесін ұстанған халықтардың дәстүрлі киімдері, әсіресе бақсыларының киім үлгілері айрықша мәдени маңызға ие. Шаман киім үлгілерінде кейде аспан жануарлары (құстар) мен жер жануарлары (бұғы, бұлан, аю) бейнеленіп отырады. Дегенмен, ең көне бақсы киімдерінің негізін құрайтын аспан мен жердегі жануарлар символикасының қатар бейнеленген үлгілері де кездесіп отырады. Бір ғана діни космографияны құрайтын шаман киіміндегі пішіні мен дизайнына қарай әртүрлі ұғымдар бар екенін байқауға болады. Бұл жерде форма шаман киімінің мағынасымен, ал дизайн формамен байланысты деп айтуға болады. Демек, форма — бақсы

тұлғасының символдық көрінісі болып табылатын аспан (қанатты) және кез келген жануардың формасы. Әйтсе де, дизайн уақыт өте келе функциясы жағынан да, мағынасы жағынан да әртүрлі мағынаға ие болатын және өзара әрекеттесу салдарынан өзгеретін құрылымды ұсынады. Шаман киіміне енгізілген жаңа формалар мен жасалған дизайн бізге шамандық жүйенің ұлттық дамуын көрсетеді (<https://tarihvearkeoloji.blogspot.com>). Қазіргі қоғамның үнемі өзгеріп, жаңарып отырған құрылымында ежелгі өркениеттерге тән таза сенімдер мен құндылықтардың біртіндеп жойылып бара жатқаны байқалады. Заманауи өнер кеңістігінде жүргізілген шығармашылық іозеністер мен тәжірибелер арқылы осы жоғалған рухани және адамгершілік құндылықтарды қайта жаңғыртуға талпыныстар жасалуда. Бұл үдерісте бақсылық нышандар мен өткенге тән заттар өнер арқылы бүгінгі күннің мәдени кодтары ретінде көрсетілуде. Бұрын «шаман киімі тек бақсыларға тән бе?» деген пікірталас тудырған бұл киімдер қазіргі таңда әлемдік деңгейде танылған сәнгерлердің шығармашылық жұмыстарында маңыздылығы мен өзіндік ерекшелігін танытуда. Шаман киімдері өзінің символдық элементтері арқылы тек бақсылық сенім жүйесінің шекарасын айқындайтын белгі ғана емес, сонымен қатар сол жүйені қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын көркемдік және мәдени ресурс ретінде қарастырылады.

Бұл зерттеудің мақсаты өнер саласында және қазіргі сән кеңістігінде «шаман» киімдерінде кездесетін үлгілер мен белгілерді талдау болып табылады. Сонымен қатар, шамандық символизмнің көрініс табатын негізгі құралдарының бірі — аксессуарлар мен зергерлік бұйымдардың бақсы мәдениетіндегі семаникалық мағынасы қарастырылады. Осы нысандардың бүгінгі күнге дейін сақталып, мәдени өзгерістер мен трансформациялар аясында сәндік контексте қайта интерпретациялануы да зерттеу өзегіне айналады. Бұл зерттеу жұмысы, шаман киімдерінің көп бөлігін талдаудың негізгі қағидаларын ашу тұрғысынан да өте маңызды.

Шаман киімдері және сән.

Дүние жүзінің барлық дерлік бөліктеріндегі, әсіресе Сібір және Орал-Алтай халықтарының туысқандық қауымдарының наным-сенім жүйесі шамандық ретінде анықталады. Бүгінде туыстық қауымдар мен таптық қоғамдар арасында шамандық мәдени алмасу деген пікір бар. Шамандық мәдениеттің негізін туысқан қауымдар құрайды. Соңғы зерттеулер шаманизмнің тууын палеолит немесе неолит дәуірінің басы деп қабылдайды. Шаманизмнің ең көне мотивтері біздің дәуірімізге дейінгі 15-13 мың жылдардағы Франциядағы Ласко үңгірінен табылған картиналарда көрініс береді (Жансугурова 19-20). Археологиялық деректер шамандық мәдениеттің 20-30 мың жыл бұрын болғанын көрсетеді. Жалпы өркениетке дейінгі қоғамдардың наным-сенім жүйелерінің жиынтығы ретінде қарастырылатын шаманизм тарих бойы түрлі өркениеттердің ықпалына ұшырап отырған. Шамандық әдістердің таңғаларлық ерекшеліктерінің бірі — әр жерде және әр уақытта әртүрлі көрініс алғанымен, Австралия аборигендерінен Солтүстік және Оңтүстік Америкаға дейін (Price 21-23), Сібір мен Орталық Азиядан бастап әлемнің әртүрлі географиялық аймақтарда және тарихи

кезеңдерде өзіндік пішінге ие бола отырып, негізінен ұқсас құрылымдарды сақтаған. Азиядан бастап Еуропа мен Оңтүстік Африкаға (Lewis 184) дейін кең таралған шаманизм, түркі халықтары мен Орталық Азияның өзге халықтарының рухани-мәдени өміріне бүгінде түрлі деңгейде ықпал етуде. Бұл сенім Орталық Азия аймағында әлі күнге дейін дербес дін ретінде өз маңызын сақтау келеді. «Шаман» сөзінен шыққан шаманизмнің негізгі қайнар көзі — сенім. Шаманизмнің тарихы мен терминологиясына көз жүгіртсек, әртүрлі көзқарастар бар екенін байқауға болады (Laufer 163-167).

Шамандық дүниетанымның бастау нүктесі — бақсы тұлғасына негізделеді. Бақсылардың негізгі мақсаты, адамдарды ауру-сырқаудан емдеу, рухани және физикалық күйзелістерден арылтып, дерттеріне көмектесу болған. Сонымен қатар, климаттық жағдайларға әсер ететін және де жоғалған жабдықтарды табуға да көмектескен. Шаман — мәдени тұрғыдан тек элементтің сілтемесі ретінде белгілі. Бақсы сөзінің Орталық Азиядағы шығу тегі зерттелгенде, бұл сөз Азия халықтары арасында «сиқыршы» мағынасында қолданылады. Мысалы, тунгус тілінде «шаман», манжу тілінде «сама» болып өрнектеледі. Кейбір зерттеушілер бұл сөздің шығу тегін санскрит тіліне негізделген «Срамана» немесе «Чрамана», яғни «будда монахы, буддист дервиш» деген сөздерден шыққан деп айтады. Шаман сөзі терка тілінде «Самане», қытай тілінде «Сәмен» және де парсы тілінде «Семен» немесе «Саман», яғни «будда діни қызметкері» деген мағынаны білдіреді (Alp және Mutlu 1015-1021).

Шаман киімдері өзіндік белгілермен безендірілген және де олардың әрбір элементі символдық мағынаға ие. Сонымен қатар, мұндай киімдер тек бақсы дәрежесіне жеткен адамдар үшін арнайы дайындалады. Мұның себебі, бақсылар өздерінің біліктілігіне қарай әртүрлі болады. Мысалы, жаңа ғана

шамандық жолға түскен бақыстардың әрекет ауқымы шектеулі болады және олардың киімдері басқаларға қарағанда құрал-жабдықтары жағынан әртүрлі және әлсіз. Бұл бақыстар әдетте қарапайым аруулармен айналысады. Бұл киімдердің қарапайымдылығы шаман қауымындағы иерархиялық тәртіптің сыртқы көрінісі ретінде қабылданады. Керісінше, тәжірибелі бақыстардың киімдері күрделі, салмақты болуына байланысты, бұл өз кезегінде олардың қозғалысына кедергі келтіруі мүмкін. Шамандардың ұзақ уақыт бойы билеуінің өзі көмекші аруақтардың қабілеті мен күшіне байланысты. Бақыстардың әртүрлі салаларда тәжірибесі болуы мүмкін. Сондықтан олардың киімдері әртүрлі символдық ерекшеліктерде болады. Бақының әртүрлі киімдерін бір киімде біріктіру бақыстардың екі дүниені аралауы деп түсіндіріледі. Кейбір киім үлгілеріндегі символдық артықшылықтар сол бақының бір ғана киімді әртүрлі мақсатта қолдана алу қабілетін білдіреді (Zümbül және Değerli 2010-2015).

Шаман киімдеріндегі айырмашылықтар сенім жүйесінің негізінде қалыптасқан ортақ символдық белгілерді көрсетеді. Әдетте киімдердің пішімі мен әшекейлері, көбінесе, таңдалған материалдар арқылы ритуалдық мәнге ие болады. Түркі халықтарының бақы киімдері жөніндегі деректерге сүйенсек, олардың көбіне теріден тігілгенін байқаймыз. Осы себепті бақыстардың күнделікті тұмыста киетін киімдері мен рәсімдік киімдері арасында айқын айырмашылық бар. Рәсімдер кезінде аң терісінен тігілген киімді кию — бақының қоғамдағы көшбасшы ретіндегі орнын көрсетеді. Киімде қолданылатын жануарлардың былғары бөліктерінің өлшемі кіші немесе үлкен болуы, киім бөліктерінің санына әсер етеді. Мысалы, ұсақ жануарлар терісінен алынатын материал көлемі кішкентай болғандықтан, киімде көбірек жамаулар мен көбірек тігістер болуы

мүмкін. Бұл көбірек тігіс белгілерін тудырады. Шаман киімдерінің негізгі үлгісі жамбас деңгейіне дейін жететін, күртеше пішіндес етіп тігілген киім түрі. Белдемшелерге бекітілген жиектер, жіптер мен баулар аяқтарына дейін жалғасады. Бұл сымдар киімге күс бейнесін береді деп саналады және де бұл жиектер мен жіптер Алтайдағы тау иелерінің киіміне ұқсайды (Сурет 1).



Сурет 1. Шаман киімі және символдық суреттер (Bozdemir және Özçelik 113).

Шамандық дәстүрде жануар бейнелері мен таңбалары маңызды рөл атқарады және олар көбіне бақының рухани қорғаушысы немесе аруақ бабасымен байланысын білдіретін символ ретінде қарастырылады. Солтүстік Азия халықтарының наным-сеніміне сәйкес, әрбір бақының жануар түріндегі егізі болған. Керісінше, жаңадан бастаған, тәжірибесі аз әрі әлсіз бақыстардың егізі ретінде көбінесе ит бейнесі қабылданған.

Сонымен қатар, халықтық нанымда қасқырлар, иттер, қарғалар және бақсылар өз табиғатынан ашкөз болып келетіндіктен, ауруға шалдығу қаупі жоғары деп есептелген. Ал тәжірибелі, рухани жағынан қуатты бақсылардың негізгі жануарлары ретінде өгіз, бүркіт, айғыр және қара аю бейнелері танылған. Хакастар мен алтайлықтарда құс қауырсындары әдетте киімдеріне және бастарына қолданылады. Бұл Дархат, Тофа және Тува бақсыларының киімдеріндегі бас киімде ұқсайды. Орта Азия бақсыларының ортақ бастарына таққан әшекейлері құс қауырсындары болып табылады және негізгі элемент ретінде пайдаланылған (Норрál 468-473). Хакас бақсыларының киімдерінің артқы жағында құс қауырсынынан жасалған дорба тәрізді заттары мен бас киімнен төмен қарай созылған қыран тырнақтары шамандық символдық ерекшелігін көрсетеді (Burged 87-92).

Якут бақсыларының киімдерінде бейнеленген құс таңбаларының бақсылардың қолдаушы рухтармен байланысын білдіретіні жөнінде деректер кездеседі. Алтай бақсыларының киімдері сырттай ұқсас болып көрінеді, Алтай мифологиясына сәйкес бақсылар қыран үкіге айналып саяхаттай алады. Қоғамда бүркіт пен үкіні «көкші» деп айтады (Сурет 2). Якут мифологиясында да осындай ұқсастықтар кездеседі, атап айтқанда, олардың ішінде текті тайпалардың арғы бабалары қыран құс бейнесін қабылдау идеясы орын алған. Алтай халықтарының бақсы киімдерінің құс бейнесін бейнелеуі киімнің құрылымдық ерекшеліктерімен де байланысты. Атап айтқанда, киімдерге тігілген ленталар мен жіптердің қолданылуы киімді қанаттары бар құс кейпіне келтіреді (Alp және Mutlu 1021). Шаман киімдерінің бір ерекшелігі, ерлер мен әйелдердің киімдерінің арасында айқын айырмашылықтың болуы. Аксессуарларының арасында тек шаш өрімдері, алқалар, моншақтар

мен әйелдер бас киімдері ерекшеленеді. Сонымен қатар, бақсы киімдерінің ажырамас компоненттері ретінде орамал, мүйіз, қауырсын сияқты элементтер кеңінен қолданылады (Kiliç 14).



Сурет 2. Алтай халқының шаман киімдері
(<https://www.zdergisi>).

Алтай, Тофа және Тува халықтарында бақсылардың киімдерінде қолданылған тігіс пен кесте арқылы жасалынған әшекейлері өзгеше эстетикалық сипат береді. Бұл халықтардың костюмдерінде ашық түс негіз ретінде алынып, қызыл, қоңыр немесе ақ жіптермен өрнектер жасалынған. Бұғымдар жасаған бұл өрнектер қалмақтардың киімдерінде де қолданылады. Қалмақ пен Алтайдың бақсы киімі ұқсас болып келеді. Тофа мен Тува бақсыларының киімдеріндегі кестелер мата жолақтарымен тігілген және қаңқа белгісімен ерекшеленген. Осы екі қоғамда да қаңқа символы басқа қауымдастықтармен салыстырғанда біршама ерекшеленеді (Potapov). Шаман киіміндегі қоңырау, кестелер, сылдырмақ, садақ пен жебенің бөлшектері бақсының біліктілік деңгейін көрсететін элементтер ретінде қабылданады. Бақсылар үшін киелі саналатын киімдердегі заттардың әртүрлі мағына беретіні белгілі. Қасиетті деп аталатын бұл киімдердің де кейбір тыйымдары бар (Vinogradov 38-41). Мысалы, бұл киімдер көпшілікке қол жетімді жерде сақталмайды, олар әдетте бақсының өз жеке баспанасындағы арнайы белгіленген орынға ілінеді.

Шамандық сенім бойынша, бұл өз әсерін жоғалтпау үшін сақтық шарасы болып табылады.

Якут шамандарының киімдері иленген және өңделген былғарыдан немесе тоқылған матадан тігіледі (Сурет 3). Бақсының көйлегіне адам және жануардың болмысын бейнелейтін темірден, металдан, сүйектен және матадан қиылған адам немесе жануардың әртүрлі пішіндері ілінеді. Якут бақсыларының қараңғы әлемге сапарына нұрын шашу үшін арқасына «ай» және «күн» пішінінде металдан кесілген кесінділер тігіледі. Якут бақсысының шапанының артқы жағына металдан кесілген «ай» және «күн» тәрізді дискілер безендіріледі. Якут бақсысының бас оюына тігілген қауырсындары, көйлегінің жеңдері, бас оюына қосылған киік мүйіздері якут бақсысы пайдаланған аң рухының қайнар көзін анықтайды. Осы қауырсындар мен мүйіздерден якут бақсысының қандай жануар рухын пайдаланғанын білуге және түсінуге болады (Zonnicksaja 186). Солтүстік Сібірде бұғы мүйізін, ал самоейдтер мен кеттер аю тырнағын пайдаланады. Якут бақсылары темір мен металдардан басқа әртүрлі жануарлардың сүйектерін іледі. Якут бақсысының діни рәсімдерде киген киімін басқа руға беруге немесе сатуға болмайды. Шаман қолданатын, таңбасын алып жүретін көмекші жануарлардың әруақтары тек сол бақсы жататын аймақ пен руға тиесілі (Ivanova-Unarova 83).

Солтүстік Америкада тұратын инуит бақсылары мен Солтүстік-Батыс Сібір бақсыларының киімінде үлкен ұқсастықтар бар (Сурет 4). Солтүстік-Батыс Сібір бақсылары мен Ненцы (самоейд) бақсылары киетін «бас киім әшекейлері» өте ұқсас. Солтүстік Америкадағы Беринг бұғазының төңірегінде тұратын жергілікті американдық тайпалар мен Орталық Азия, Оңтүстік Сібір және Ішкі Азия бақсыларының бас киім әшекейлері арасында үлкен параллельдер бар (Dixon



Сурет 3. Якут шаман киімі (<https://tarihvearkeoloji.blogspot.com>).



Сурет 4. Американдық үнді шаманы (<https://tarihvearkeoloji.blogspot.com>).

4-7). Дегенмен, символдық әшекейлер мен аксессуарларды түсіндіруде интеракционистік теорияның негізгі бағыты мәдениет ұғымына негізделеді. Символдар арқылы мәдениетті қалыптастыру және сол символдарға мағына беру қабілеті тек адамзатқа ғана тән қасиет. Сондықтан нышан мен мағына арасындағы өзара байланыс пен әрекеттестік, сондай-ақ олармен тығыз байланысты символдар зерттеудің негізгі назарында болады. Қорыта айтқанда, шаманизм бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде кездесетін сенім жүйесі ретінде өзектілігін жоғалтпаған. Бұл сенім жүйесін ұстанған халықтардың бақсыларының киімдерін зерттеу өте маңызды. Шамандық мәдениеттің ізі ретінде қоғамдарда әлі күнге дейін

қорғаныш, сәттілік және құнарлылықты қамтамасыз ететін символдық мағынасы бар ұсақ бұйымдар қолданылуда. Өйткені, мәдени мұра ретіндегі киімдерден бөлек аксессуарларды қолдану сәнде және де тұтыну кеңістігінде заман талабына сай үнемі жаңарып отырады. Бұл зерттеу жұмысында бақсы киімдеріндегі өрнектер мен белгілердің бүгінгі күнге дейінгі көріністері зерттеледі. Сонымен қатар, шаман киімдерін заманауи тұрғыдан зерттей келе, қандай өзгерістермен сәнгерлер тарапынан қолданылып жатқаны және де мифологиялық және мәдени маңызы туралы мағлұмат беріледі.

Зерттеу жұмысының әдісі

Мәдени ерекшеліктері жағынан өте бай құрылымға ие бақсы киімдеріндегі символдарды зерттеу арқылы олардың өнермен өзара байланыстарын анықтау маңызды. Осыған байланысты бұл зерттеуде шамандық киім үлгілеріндегі символдар зерттеліп, олардың қазіргі киім дизайнында қолданылу жолдары қарастырылған. Бұл — шамандық киім мен оның символдарын түсіндіруге және заманауи сән дизайнында қолдану мүмкіндіктеріне арналған сипаттамалық зерттеу болып табылады. Замануи киім үлгілерін талдау барысында коллекциялық фотосуреттер, каталогтар, сән шолулары, сондай-ақ тарихи және қазіргі заманғы мысалдар салыстырмалы түрде талданды. Мәдени трансформация мен символикалық мағыналарды қайта жағыртуға бағытталған дизайнерлік шешімдер 2010 жылдан бүгінге дейінгі аралықта, яғни соңғы екі онжылдықтағы (әрбір 20 жылдық сән кезеңі) үлгілер шеңберінде қарастырылды. Сән дизайнерлерінің шығармашылық жұмыстарын зерттеу барысында, олардың шамандық сипаттағы киімдерінде кездесетін негізгі символдарға (түстер коды, космологиялық рәміздер, металдар, теңіз жануарлары мен аң-құстар бейнесі)

баса назар аударылды. Бұл символдардың киімдегі көріністері мен заманауи түсіндірмелері визуалды түрде жан-жақты талданды.

Талқылау

Шаман мәдениеті көркемдік және дизайн салаларында көрініс табуға лайық символдарға бай. Қазіргі үнемі өзгеріп, дамып келе жатқан жаһандық кеңістікте тұтыну үдерісі қарқын алуда, ал дизайн тұжырымдамасы да соған сәйкес бейімделіп отыр. Мұндай жағдайда қоғамның мәдени құндылықтарын көрсететін символдарды сән дизайнерлері тұрақты түрде пайдаланып, оларды келер ұрпаққа жеткізуі өте маңызды. Біз қайталану дәуірінде болғандықтан, осы себепті өткен кезеңдердегі үлгілер мен үрдістер қайта жаңғырып, қазіргі заманғы сән саласында белсенді қолданылуда. Осы үрдісте шамандық символдар шабыт көзіне айналған элементтер ретінде танылып, мәдени мұраны сақтай отырып, заманауи киім үлгілеріне енуде. Зерттеу барысында қарастырылған бақсы мәдениетіндегі киімдер мен олардың символдық функциялары қазіргі сән индустриясының көрсетілімдерінде айқын көрініс табуда.

Шамандық символиканы өз топтамаларында пайдаланған сән дизайнерлерінің бірнеше мысалы:

Vassa&Co at Moscow Fashion Week, March'24. Мәскеу сән апталығында Нагезда Абзаеваның Ольхон аралындағы шаман тайпасының тарихын өз топтамасымен көрермендерге ұсынды (Сурет 5).


Шамандық мәдениетте түстер ежелгі дәуірлерден бастап символдық байланыс құралы ретінде қолданылған. Ежелгі адамдар түстерді сиқырлы мақсатта, ғибадат кезінде адамдарға көзбен әсер ету, жаудан жасыру, үрей туғызу немесе сұлулық пен әсемдікті көрсету үшін пайдаланған деген пайым бар. Түрік және моңғол бақсыларының сенімі



Сурет 5. Мәскеу сән апталығы, Абзаева шамандық стильде киімдер топтамасы (<https://thestatussyymbol.com>).

бойынша, түстер белгілі бір бағыттармен байланыстырылған, бұл қытай дәстүрімен ұқсас. шығыстың түсі жасыл (аспан, кейде көк); батыс — ақ; оңтүстік — қызыл; солтүстік — қара, орталық — сары. Бақсылық түрік нанымında маңызды болып табылатын символдық түстер мен оларға берілген мағыналар қамтылған (Sarugan 72).

Кристиан Диор, шығармашылық жұмысында шамандық талисман «инелік» алқалардың символизмін қолдану арқылы, шаман мәдениетін бүгінгі күнде сән әлемінде маңызды орны бар екенін көрсетті (Сурет 6).



Сурет 6. Кристиан Диор шамандық талисман алқалардың символизмін қолдануы (<https://www.vogue.com>).

Бақсы ырымы кезінде сылдырмақ пен қоңырау екі мақсатта қолданылады: әруақтарды көмекке шақыру және зұлым рухтарды үркіту үшін. Қорғаныс құралдарының қатарына бақсы костюмінде ілінген садақ пен жебелер де жатады. Кейбір бақсы костюмдерінің артқы жағына жалпақ металл кулондар

мен металл құбыр тәрізді таяқшалар бекітіледі. Бұл элементтер костюмге сауыт көрінісін береді және рухтар мекендейтін заттар немесе құс қауырсындарының символы ретінде де түсіндіріледі (Guliyeva 126).

Ланвин, қуырсын элементтері олардың алқалардында шамандық нанымға тән қорғаушы белгі ретінде көрініс тапқан (Сурет 7).




Сурет 7. Ланвин «Қуырсындар» шамандық символизмі (<https://www.vogue.com>).

Құс бейнесі бақсылардың салтанатты киімдерінде және барабандарында ең жиі кездесетін символдық мотивтердің бірі. Ол осы әлем мен рухтар әлемі арасындағы саяхатқа жол ашатын белгі ретінде қарастырылады. Бүркіт алғашында Шаманның арғы атасы ретінде қабылданып, оның тылмыс күштерге қол жеткізуінде маңызды рөл атқарады. Бұл құс ғалам ағашы мен шаманның экстатикалық саяхатын қамтитын мифтік құрылымның өзегінде орналасқан. Халық мифтері мен ертегілерінде әйел бақсы сиқырлы қауырсынды иеленген сәттен бастап аспанға ұша алады деген сенім бар (Sarugan 46).

Прада, шығармашылық топтамасында аксессуар түрінде шамандық мәдениетке тән сәттілік символы ретінде мұхит ракушкаларын пайдаланған (Сурет 8).

Шаман бақсысының костюмі үлгісінде теңіз ракушкалары декоративтік элемент ретінде қолданылғанда, олар киімнің ою-өрнектерінде жаға маңына және



Сурет 8. Прада шамандық талисман алқалардың символизмі (<https://www.vogue.com>).

кеуде тұсына үштік немесе қосарланған өрнек түрінде орналастырылған. Теңіз ракушкалары қараңғы фонда өздерінің табиғи түстерінде шоқтармен және металл элементтермен үйлестіріле қолданылады (Güner және Oupan 378-386).

Валентино, шамандық мәдениеттен қызыл түсті пайдалана отырып, өз топтамасында киімдерімен үйлестірген (Сурет 9).



Сурет 9. Валентино «Қызыл» түсті шамандық талисманы (<https://www.vogue.com>).

Louis Vuitton, Францияның оңтүстік-шығысындағы Сент-Пол де Вэнс қаласындағы Maeght қорында ұсынылған Louis Vuitton Cruise 2019 жинағы алдында кенеттен болатын дауылдарды тоқтату үшін бақсы жалдаған деген болжам бар (Сурет 10).

Шамандық сенім жүйесінде Аспан құдайына сену ұлы империялар



Сурет 10. Louis Vuitton Cruise 2019 жылғы сән жинағы (<https://www.harpersbazaar.com>)

тарапынан культ ретінде қабылданған. Аспан Тәңірінің аспанмен байланыстырылуы оның ғаламды жаратушы күш ретінде қабылданып, кейін көкке көтерілгендігімен түсіндіріледі. Келесі кезеңдерде әлемдік тәртіп әртүрлі құдайлар мен киелі рухтар арқылы сақталып отырған.

Қазіргі таңда шаманизм танымал мәдени аясында шабыт көзіне айналып, кейбір тұтынушылар мен шығармашыл тұлғалар тарапынан коммерциялық мақсатта пайдаланылуда.

Бұған мысал ретінде даниялық және норвегиялық әртістерден құралған Heilung Group командасының шығармашылығын атауға болады. Топ мүшелері шамандық киім үлгілерін қолданумен қатар, барабандар, сылдырмақтар және ритуалды қоңыраулар сияқты шынайы музыкалық аспаптарды пайдалануда. Heilung тобының киімдері қазіргі қоғамды ежелгі дәуірмен байланыстырушы көркемдік құрал ретінде қарастырылады (<https://www.sortiraparis.com>).

Шамандық мәдениеттегі символдардың заманауи сән үлгілерінде трансформациялануы қазіргі таңда коммерциялық сипатқа ие болуда. Ежелгі шаманизм белгілері қазіргі сән индустриясында түрлі костюмдерде, зергерлік бұйымдарда немесе аксессуарларда жиі көрініс табуда. Бұл өнімдер интернеттегі әртүрлі платформаларда ([saman-butik.com](https://www.saman-butik.com), [ajjaya.com](https://www.ajjaya.com), [etsy.com](https://www.etsy.com)).



Сурет 11. Heilung Geeft Geen концерті AFAS Live бағдарламасында (<https://www.sortiraparis.com>).

com, <https://psylofashion.com>, <https://www.shamansmarket.com>, <https://elfbeads.com> және т.б.) сатылымға ұсынылуда. Мұндай үрдіс қазіргі қоғамда шамандық стильге қызығушылық танытатын тұтынушылар тобының бар екенін және оларға сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Дәстүрлі сенімдер мен мәдени мұраға негізделген бұл символдар мен керек-жарақтар уақыт ағымында жаңарып, заманауи тұтыну талаптарына бейімделіп, келесі ұрпаққа жеткізіліп отыр деп айтуға болады.

Нәтижелер

Зерттеу жұмысына алынған сәнгерлердің жұмыстарын талқылау барысында қолданылған шамандық элементтерді заманауи тұрғыдан киімдерге үйлестіре білген. Киім бөлшектерін таңдауда киімдерде қолданылатын түсті, текстураны, үлгіні және аксессуарларды қалыпты түрде пайдаланған. Айта кетсек, 5-суретте әйгілі дизайнер

Абзаева Бурят көшпелі мәдениетінің дәстүрлерін қайта түсіндіру үшін Ольхон аралындағы шаман тайпасының көрінісін өз топтамасында ұсынған. 6-суретте Кристиан Диордың шығармашылық топтамасында шамандық мәдениетті заманауи үлгіде көрсеткен. Киімдерінде аксессуар ретінде пайдаланған шамандық мәдениетіне тән инелік талисмандарының өзгеше мағынасы бар. Инелік өте күшті рухты жануар болып саналады және ол әртүрлі әлемдер арасындағы өтуді, яғни рухани саяхатты бейнелейді. Инеліктерді жұлдызу, ішкі дауыстың сөйлей алуын білдіреді. Жұлдыздық таро картасы [оң жақтағы] армандарға жетуге бағытталған жолды білдіреді, ал сфера [орталық] — әлемдік тароның символы ретінде адамзаттың барлық бөлігі екенін және әлемдегі барлық нәрсенің өз-аа байланысын көрсетеді. Бұл таро картасы адамның өз орнын түсініп, әлеммен тығыз байланыста екенін және оның барлығымен үйлесімділік пен байланыста болуын есте сақтауға көмектеседі деген болжам бар. 7-суретте Ланвин қиялымен теңіз қауырсындарын шығармашылық топтамасында пайдаланған. Шаман мәдениетінде қауырсындардың мағынасын қарастырсақ, тарихта құстар мен олардың қауырсындары әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі символдық мағынаға ие болған. «Егер сіз бір жерден кездейсоқ қауырсын тапсаңыз, бұл періштелер әлемі сізбен сөйлесіп жатқанын білдіреді» екен. Қауырсындар желмен қозғала алу идеясын білдіреді. Ол кез келген секундта бағытты өзгерте алады. Жел сонымен қатар ой мен қарым-қатынаста айқындылықты білдіреді және олар жел мен рух арасындағы байланыс болып табылады. 8-суретте Прада шаманизмде сәттілік символы болып табылатын ракушкаларды пайдаланған. Сәттілік мағынасы бұл қабықтың пішініне байланысты болған. Ракушкалар ашық болған кезде, мысалы, балон сияқты, сәттілік пен молшылық осыдан келеді

екен. 9-суретте Валентиноның қолданған қызыл түс шаманизмдегі өте күшті түс және ол сирек қолданылғанымен, бұл өте күшті қорғаныс түсі болып табылады. Қызыл түс әдетте бақсының салтанатты костюмінің әртүрлі бөліктерінде қорғаныс ретінде қолданылған (Mutlu 56). 10-суретте бақсылардың күш құдіретіне сенім артқан әлемге әйгілі дизайнер Louis Vuittonда Сент-Пол де Вэнс қаласындағы Maeght қорында ұсынылған Cruise 2019 жылғы сән жинағында бақсы жалдаған. Жалдаған бақсының сән көрсетілімі барысында жаңбырды тоқтату күшіне ие болған екен. Бұл зерттеу жұмысында, шамандық мәдениеттегі киімдердің символдық трансформациялары, заманауи зергерлік бұйымдар мен аксессуарлардың шамандық стильге бейімделуі, түрленуі және жаңа қоғамдық өмірде көрініс табуы қарастырылды. Қорыта келе, технология мен жаһанданудың дамуы аясында пайда болған заманауи шамандық стиль ежелгі бақсы мәдениетінің жойылып кете жаздаған функционалдық және символдық элементтерін (киімдер, аксессуарлар мен зергерлік бұйымдарды) қайта жаңғыртып, олардың өміршеңдігі мен кең таралуына ықпал еткен.

Негізгі тұжырымдар

Бұл зерттеу жұмысында шамандық мәдениетінде қолданылған символдарды бейнелеу арқылы әйелдер киімінде тақырып құруға негіз болды. Шамандық мәдениет пен ондағы символдар әртүрлі қырынан қарастырылып, сәнгерлер бұл элементтерді әйелдер киіміндегі аксессуарлар арқылы көрсетуге ерекше назар аударған.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы: ғаламды бейнелейтін нышандарды қамтитын және киімнің ерекше түрі ретінде танылатын шамандық киімдерге қатысты тереңдетілген ғылыми зерттеулер өте аз, ал бар мәліметтер шектеулі. Сондықтан, бұл тақырып

бойынша жүргізілетін әрбір зерттеу дүниежүзілік өнертану саласы мен мәдени мұраны сақтау ісіне зор үлес қосады.

1. Шамандардың қабілеттері мен киімдерінде қолданатын құралдарының қоғамға әсері, наным — сенім жүйелері, мифологиясы мен мәдениеті туралы мағлұмат берілді.

2. Шамандардың қолданған өрнектері мен символдарын заманауи үлгіде әйелдер киімінде жобалау арқылы, сәнгерлер тарих пен мәдениетке үлес қосуда.

3. Шамандық мәдениет пен оның көрсеткіштерінен жиналған мәліметтер, әдебиетке үлес қосады және болашақ сәнгерлерге және де зерттеушілерге бағыт береді.

Қорытынды

Сән дегенде ойға бірінші келетін киім болса да, сән көптеген салаларда (өнер, музыка, театр, әдебиет және сәулет т.б.) әрекет етеді. Әр саланың белгілі бір уақыт аралығындағы өзіндік сәні бар. Қоғамның мәдени құндылықтарын бейнелейтін символдарды сән дизайнерлерінің тұрақты түрде пайдаланып, болашаққа беруі өте маңызды. Сән уақыт өте келе қайталанатындықтан, алдыңғы кезеңдердегі трендтерді немесе үлгілерді сәнгерлер қайта пайдаланады. Үлгілер, мотивтер, киім формалары, қолданылған аксессуарлар сияқты элементтер қайталанып отырады. Тарихи қозғалыстардан шамандық мәдениеттің рухани өлшемі туралы дерексіз түсініктер дизайнерлер үшін шабыт көзі болып табылады. Бұл зерттеу жұмысында шамандық мәдениетті тақырып ретінде қарастырған әлемге әйгілі сәнгерлер, өз шығармашылық топтамаларында шамандық мәдениеттің символы ретінде қауырсындарды, қызыл түсті, теңіз ракушкасын, талисмандарды пайдаланған. Қарастырылған сәнгерлердің жұмыстарында

асимметриялық және кездейсоқ көріністерге артықшылық берілген. Осылайша, шамандық мәдениет пен киім қарым-қатынасын қалыптастырып, шығарылған туындылармен нығайтылды. Қорыта айытқанда, шамандық мәдениет халқымыздың мәдени мұрасын тірі қалдыруға қабілетті, сондықтан терең тамырлы бұл дүниетанымды жас ұрпақтың тануы — өткен мен бүгінді байланыстыратын маңызды мәдени көпір болмақ. Мәдени мұрамыздың тұрақтылығын қамтамасыз ету және әртүрлі уақыт үлгілерін біріктіру үшін шамандық мәдениетін бейнелейтін түрлі өнер саласы, әсіресе, сәнгерлер көркем іс-шаралар, жобалар, жәрмеңкелер мен байқаулар ұйымдастырылып, мүмкіндіктер берілуі керек. Бұл шығармаларды жас ұрпаққа таныстырып, олардың сабақтастығын қамтамасыз ету керек.

Ұсыныстар.

- Келесі зерттеулерде бақсы мәдениеті мен богемиялық қозғалыста біріккен және де өзгерген өрнектер мен символдарды талқылауға болады.

- Күнделікті өмірде қолданылатын және белгілі бір мәдениеттерге тән заттардың орнына, терең әрі бай мазмұнға ие шамандық таңбаларды қолдану өз мәдениетіміздің ерекшелігін сақтауға септігін тигізеді.

- Мәдени мұрамыздың өміршеңдігін қамтамасыз ету және әр кезеңнің көркем үлгілерін ұштастыру мақсатында шамандық мәдениетті бейнелейтін түрлі көрмелер, жобалар, жәрмеңкелер мен байқаулар ұйымдастырылып, мүмкіндіктер жасалуы керек. Бұл іс-шаралар арқылы жас ұрпаққа мәдениетті танытып, оның сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Деректер тізімі

- Alp, Kafiye Özlem, және Mutlu Serviye. “Şaman sembollerinin işlev ve anlam kodları”. *Motif Akademi Halkbilimi Dergisi*, 2021, vol. 14, no. 35, pp. 1008–1028. DOI: 10.12981/mahder.952096.
- Bozdemir, Oğuz, және Özçelik Hüseyin. “Şamanist ritüeller kapsamında şaman davulunda bulunan sembollerin değerlendirilmesi üzerine bir araştırma”. *Akademik Sanat*, 2019, vol. 4, no. 8, 102–117. DOI: 10.34189/asd.4.8.008.
- Burged, Munkhtsetseg. “The Tuvan Shamanism and Its Features”. *Mongolian Diaspora. Journal of Mongolian History and Culture*, 2023, vol. 3, no.1, pp. 81–93. DOI: 10.1515/modi-2023–2003.
- Dixon, Roland. “Some aspects of the American shaman”. *The Journal of American Folklore*, 1908, vol. 21, no. 80, pp. 1–12. URL: <https://www.jstor.org/stable/534522>.
- Hoppál, Mihály. “Tracing shamans in Tuva”. *Acta Ethnographica Hungarica*, 2003, vol. 48, no. 3–4, pp. 465–481. <https://www.ceeol.com/search/article-detail?id=642874>.
- Guliyeva, Minara. Moğol ve “Buryat şaman tören kıyafetlerindeki aksesuar ve görsel etkilerin kadın giysi tasarımında kullanımı”. *Dokuz Eylül Üniversitesi Güzel Sanatlar Enstitüsü Tekstil ve Moda Tasarım Anasanat Dalı Yüksek Lisans Tezi*. 2014. İzmir.
- Güner, Yasemin Oğuz, and Oyman, Naile Rengin. “Şaman giysi unsurları üzerlerinde kullanılan semboller”. *International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*. 2016, Vol. 12, no. 13, pp. 357–396 DOI Number: <http://dx.doi.org/10.7827/TurkishStudies.11908>. ISSN: 1308-2140, ANKARA-TURKEY. (In Turkey)
- Ivanova - Unarova, Zinaida. “Yakut shamanism17”. 2018, ББК 81.2 *Англ-92 Я73 М 879*, 86. pp. 86–91. <https://www.researchgate.net>.
- İzgi, Mustafa, Cumhur. Şamanizm ve şamanlara genel bakış. *Mersin Üniversitesi Tıp Fakültesi Lokman Hekim Tıp Tarihi ve Folklorik Tıp Dergisi*, 2012, vol. 2, no. 1, pp. 31–38. <http://lokmanhekim.mersin.edu.tr>.
- Kiliç, Sibel. “Türk şaman giysilerine semantik yaklaşım”. *Journal of World of Turks/Zeitschrift für die Welt der Türken*, 2010, vol. 2, no. 1. <https://dieweltdertuerken.org>.
- Klerk, Amy De. Louis Vuitton employs a shaman to keep the rain away during catwalk shows. *Fashion News*. 2018, <https://www.harpersbazaar.com>.
- Laufer, Berthold. “Origin of the word shaman”. *American Anthropologist*, 1917, vol. 19, no. 3, pp. 361–371. <https://www.jstor.org/stable/660223>
- Lewis, Ioan Myrddin. “South of North: Shamanism in Africa: A Neglected Theme”. *Paideuma*, 1989, pp. 181–188. <https://www.jstor.org/stable/40733031>.

Mutlu, Serviye. "Orta Asya şaman sembollerinin tekstil tasarımlarında uygulanması". Gazi Üniversitesi Güzel Sanatlar Enstitüsü. 2021, Ankara.

Mohr, Ian. "Louis Vuitton reportedly hired a shaman to stop rain before fashion show". Retrieved from, 2018. <https://www.foxnews.com>.

Potapov, Leonid. "Shaman's drum: a unique monument of spiritual culture of the altai turk peoples". *Anthropology of Consciousness*, 1999, vol. 10, no. 4, pp. 24–35. DOI: 10.1525/ac.1999.10.4.24.

Price, Neil. "An archaeology of altered states: shamanism and material culture studies". In *The archaeology of shamanism*, 2003, pp. 15–28: Routledge. ISBN: 9780203451700

Seyidoğlu, Bilge. "Şaman Kozmogonisinde At". Retrieved from <https://www.zdergisi>, 2024.

Tedlock, Barbara. "Tarihte kadın şamanlar". 2017, Retrieved: <https://tarihvearkeoloji.blogspot.com>

Vinogradov, Andrei. "After the Past, Before the Present": New Shamanism in Gorny Altai. *Anthropology of Consciousness*, 1999, vol. 10, no. 4, pp. 36–44. DOI: 10.1525/ac.1999.10.4.36

Zonrnickaja, Ja. "Yakut Şamanlarının Dansları". *Türkbilig/Türkoloji Araştırmaları Dergisi*, 2002, vol. 3, no. 3, pp. 187–192. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/142962>.

Zümbül, Tüğçe, және Değerli Nursen Geyik. "Şaman giysileri üzerindeki desenler ve semboller". *Social mentality and researcher thinkers journal (Smart Journal)*, 2022, vol. 8, no. 65, pp. 2004–2017. DOI: 10.29228/smryj.63323.

Zhansugurova, Zhengiz. "Shamanizm or Tengrian?". *Journal of Oriental Studies*, 2015, vol. 73, no 3, pp. 18-21. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz>.

References

- Alp, Kafiye Özlem, and Mutlu Serviye Alp, Kafiye Özlem, және Mutlu Serviye. “Şaman sembollerinin işlev ve anlam kodları” [“Function and meaning codes of shaman symbols.”] *Motif Akademi Halkbilimi Dergisi*, 2021, vol. 14, no. 35, pp. 1008–1028. DOI: 10.12981/mahder.952096. (In Turkey)
- Bozdemir, Oğuz, and Özçelik Hüseyin. “Şamanist ritüeller kapsamında şaman davulunda bulunan sembollerin değerlendirilmesi üzerine bir araştırma”. [“A research on the evaluation of the symbols found on the shaman drum within the scope of shamanist rituals.”] *Akademik Sanat*, 2019, vol. 4, no. 8, 102–117. DOI: 10.34189/asd.4.8.008. (In Turkey).
- Burged, Munkhtsetseg. “The Tuvan Shamanism and Its Features”. *Mongolian Diaspora. Journal of Mongolian History and Culture*, 2023, vol. 3, no.1, pp. 81–93. DOI: 10.1515/modi-2023–2003.
- Dixon, Roland. “Some aspects of the American shaman”. *The Journal of American Folklore*, 1908, vol. 21, no. 80, pp. 1–12. URL: <https://www.jstor.org/stable/534522>.
- Guliyeva, Minara. Moğol ve “Buryat şaman tören kıyafetlerindeki aksesuar ve görsel etkilerin kadın giysi tasarımında kullanımı”. [“Use of accessories and visual effects in Buryat shaman ceremonial costumes in women's clothing design.”] *Dokuz Eylül Üniversitesi Güzel Sanatlar Enstitüsü Tekstil ve Moda Tasarım Anasanat Dalı Yüksek Lisans Tezi*. 2014. İzmir. (In Turkey)
- Güner, Yasemin Oğuz, and Oyman, Naile Rengin. “Şaman giysi unsurları üzerlerinde kullanılan semboller”. [“Symbols used on shaman clothing elements.”] *International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*. 2016, Vol. 12, no. 13, pp. 357–396 DOI Number: <http://dx.doi.org/10.7827/TurkishStudies.11908>. ISSN: 1308-2140, ANKARA-TURKEY. (In Turkey)
- Hoppál, Mihály. “Tracing shamans in Tuva”. *Acta Ethnographica Hungarica*, 2003, vol. 48, no. 3–4, pp. 465–481. <https://www.ceeol.com/search/article-detail?id=642874>.
- Ivanova - Unarova, Zinaida. “Yakut shamanism17”. 2018, *ББК 81.2 Аһгҥл-92 Я73 М 879*, 86. pp. 86–91. <https://www.researchgate.net>.
- İzgi, Mustafa, Cumhur. Şamanizm ve şamanlara genel bakış. [“General overview of shamanism and shamans.”] *Mersin Üniversitesi Tıp Fakültesi Lokman Hekim Tıp Tarihi ve Folklorik Tıp Dergisi*, 2012, vol. 2, no. 1, pp. 31–38. <http://lokmanhekim.mersin.edu.tr>. (In Turkey)
- Kiliç, Sibel. “Türk şaman giysilerine semantik yaklaşım”. [“Semantic approach to Turkish shaman costumes.”] *Journal of World of Turks/Zeitschrift für die Welt der Türken*, 2010, vol. 2, no. 1. <https://dieweltdertuerken.org>. (In Turkey)

- Klerk, Amy De. Louis Vuitton employs a shaman to keep the rain away during catwalk shows. *Fashion News*. 2018, <https://www.harpersbazaar.com>.
- Laufer, Berthold. "Origin of the word shaman". *American Anthropologist*, 1917, vol. 19, no. 3, pp. 361–371. <https://www.jstor.org/stable/660223>
- Lewis, Ioan Myrddin. "South of North: Shamanism in Africa: A Neglected Theme". *Paideuma*, 1989, pp. 181–188. <https://www.jstor.org/stable/40733031>.
- Mutlu, Serviye. "Orta Asya şaman sembollerinin tekstil tasarımlarında uygulanması". ["Application of Central Asian shaman symbols in textile designs"]. Gazi Üniversitesi Güzel Sanatlar Enstitüsü. 2021, Ankara. (In Turkey)
- Mohr, Ian. "Louis Vuitton reportedly hired a shaman to stop rain before fashion show". Retrieved from, 2018. <https://www.harpersbazaar.com.sg/fashion/louis-vuitton-shaman-weather-fashion-shows>, <https://www.sott.net>.
- Potapov, Leonid. "Shaman's drum: a unique monument of spiritual culture of the altai turk peoples". *Anthropology of Consciousness*, 1999, vol. 10, no. 4, pp. 24–35. DOI: 10.1525/ac.1999.10.4.24.
- Price, Neil. "An archaeology of altered states: shamanism and material culture studies". In *The archaeology of shamanism*, 2003, pp. 15–28: Routledge. eBook, ISBN9780203451700.
- Seyidoğlu, Bilge. "Şaman Kozmogonisinde At" ["The Horse in Shaman Cosmogony."]. Retrieved from <https://www.zdergisi>, 2024. (In Turkey)
- Tedlock, Barbara. "Tarihte kadın şamanlar". ["Female shamans in history."] 2017, Retrieved: <https://tarihvearkeoloji.blogspot.com> (In Turkey)
- Vinogradov, Andrei. "After the Past, Before the Present": New Shamanism in Gorny Altai. *Anthropology of Consciousness*, 1999, vol. 10, no. 4, pp. 36–44. DOI: 10.1525/ac.1999.10.4.36
- Zonrnickaja, Ja. "Yakut Şamanlarının Dansları". ["Dances of the Yakut Shamans."] *Türkbilig/ Türkoloji Araştırmaları Dergisi*, 2002, vol. 3, no. 3, pp. 187–192. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/142962>. (In Turkey)
- Zümbül, Tüğçe, and Değerli Nursen Geyik. "Şaman giysileri üzerindeki desenler ve semboller". ["Patterns and symbols on shaman clothing"]. *Social mentality and researcher thinkers journal (Smart Journal)*, 2022, vol. 8, no. 65, pp. 2004–2017. DOI: 10.29228/smyj.63323. (In Turkey)
- Zhansugurova, Zhengiz. "Shamanizm or Tengrian?". *Journal of Oriental Studies*, 2015, vol. 73, no. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz>.

Масадикова Гузал

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Туркестан, Казахстан)

ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗЦОВ ОДЕЖДЫ В ШАМАНСКОЙ КУЛЬТУРЕ В ОБРАЗЦЫ СОВРЕМЕННОЙ МИРОВОЙ МОДЫ

Аннотация. Шаманская одежда, типичная для шаманской культуры, встречается в разных уголках мира. Шаманская одежда также менялась с течением времени, как и многие обычаи, вымершие по разным причинам. Вот почему крайне важно проанализировать и интерпретировать сохранившиеся до наших дней элементы шаманской одежды как свидетельства древних времён. К числу наиболее значимых элементов относятся бахрома, шаманские платья, металлические предметы, куклы, мех, перья птиц, ракушки, бусы и различные символы из ткани и других материалов. Разнообразие этой одежды варьируется в зависимости от проводимого ритуала и культуры, к которой принадлежит шаман. В данном исследовании рассматриваются происхождение, символическое значение, закономерности использования и историческая преемственность традиции ношения одежды в истории шаманской культуры. В ходе исследования проведён обзор литературы и проанализированы соответствующие источники. В данной исследовательской работе, рассматривающей шаман и шаманскую культуру, была поставлена цель изучить использование в современном мире моды узоров и символов шаманской одежды, сохранивших своё значение в рамках шаманских верований. Кроме того, необходимо изучить возникновение шаманской культуры в исторических сферах, изучить культурные связи, связанные с шаманизмом в обществе, выявить его влияние на дизайн одежды. Определено, что выкройки, использованные материалы и знаки в изучаемых костюмах использовались в современном мире моды. Были собраны тенденции, представленные на неделях моды, с символикой, используемой в одежде шаманской культуры. Коллекции современных дизайнеров, в том числе брендов, сочетающих элементы богемного стиля и шаманской культуры, представляют собой модели и наряды, соответствующие принципам современной быстрой моды. Оправданно было то, что дизайнеры своими творениями возродили интерес к «шаманскому» стилю и вынесли элементы шаманской культуры на свет в сфере моды.

Ключевые слова: Шаман, символ, мода, одежда, дизайн, модернизация.

Для цитирования: Масадикова, Гузал. «Трансформации образцов одежды в шаманской культуре в образцы современной мировой моды». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, с. 188–206, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.954

Автор прочитал и одобрил окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Massadikova Guzal

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan)

TRANSFORMATIONS OF CLOTHING MODELS IN SHAMAN CULTURE IN MODERN WORLD FASHION MODELS

Abstract. Shaman clothing, characteristic of shamanic culture, is found in various parts of the world with various variations. Besides many customs that have disappeared for various reasons, shamanic clothing has also changed. That is why it is important to analyze and explain shamanic clothing that has survived to this day, as a witness to ancient times. The most important are: fringes made of fabric and various materials, shamanic clothing, metal objects, dolls, furs, bird feathers, seashells, beads, and various symbols. The variety of these clothes varies depending on the ritual performed and the culture to which the shaman belongs. This study discusses the origin, symbolic meaning, patterns of use, and historical continuity of the tradition of wearing clothes in the history of shamanic culture. During the study, necessary sources were reviewed, as well as a literature review. In this research, the aim was to study the use of patterns and symbols in shamanic clothing, which have not lost their influence on the beliefs of shamans, in the modern world of fashion, by reviewing the shaman and shamanic culture. In addition, the aim was to study the emergence of shamanic culture in historical areas, to establish cultural connections related to shamanism in society, and to reveal its influence on fashion design. It was determined that the patterns, materials, and symbols used in the studied costumes are used in today's fashion world. Trends that were shown at fashion weeks with symbols used in shamanic culture clothing were collected. The collections of famous brands in modern times presented models and clothing collections in accordance with today's fast fashion through the combination of the Bohemian movement and shamanic culture. It was proved that designers revived shamanic culture with their works and brought it to light in the fashion industry.

Keywords: Shaman, symbol, fashion, clothing, design, modernization.

Cite: Massadikova Guzal. «Transformations of clothing models in shaman culture in modern world fashion models». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, с. 188–206, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.954

The author have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflict of interest.

Автор туралы мәлімет:

Масади́кова Гузал Гайбуллаевна — Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының PhD, Қауымдастырылған профессор (доцент) (Түркістан, Қазақстан)

Сведения об авторе:

Масади́кова Гузал Гайбуллаевна — PhD., Ассоциированный профессор (доцент) факультета спорта и искусства, кафедры изобразительного искусства, Международного казахско-турецкого университета имени Қожа Ахмета Ясави (Туркестан, Қазақстан)

Information about the author:

Guzal Massadikova — PhD, Associate Professor, Faculty of Sports and Art, Department of Fine Arts, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan)